

халықтың мәдени мұрасы. Халық педагогикасы сол халықтың (ұлттық) этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан /7; 11/.

Ал ұлттық тәрбие мәселесі – адамзат тарихынан өн бойына ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде адамзат өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде де жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұрат болып, Қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтар мен ар тазалығы және тағы басқа қасиеттерді жатқызамыз.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қалың елім, қазағым» атты жинағында мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескерте келе, былай деп жазады: «Бес арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше, біздің жұмысымыз ілгері баспайды. Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып, ұлттық қасиеттерге айналады.

Оқушының ұлттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1986.

2 Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы, 1989.

3 Сейсембаев Қ. Отбасы тәрбиесінде балаларды мектепке даярлаудағы қазақ халық педагогикасы. – Алматы, 1993.

4 Артыкова Т.М. Педагогические условия формирования учебной языковой среды при обучении государственному языку. – Алматы, 2003.

5 Әбдікаримова Т.М. Бастауыш сыныпта текст арқылы ауызша тіл дамыту – Алматы, 1993.

6 Әбілқаев Ә., Құлмағамбетова Б. Қазақ тілін оқыту. Метод. нұсқау 7-сынып. – Алматы, 1984.

7 Әлімжанова Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы, 1965.

### **ЖОО-ДА ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

*Ғалымжанова З.Т.,*

*Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*

Ежелден қыз баланың тәрбиесіне аса мән берген халқымыз «Ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, руыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле» деп ұл-қыздың тәрбиесін жіті қадағалаған. Сол себепті, қызы тәрбиелі елдің болашағы зор болмақ. Балаларымыз қыз баласының келешегіне зор мән беріп, бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен дүниені тербететін абзал жан, асыл ана деп ерекше қадір тұтқан. Халық даналығында: «Қыз бала – ұлттың ұяты», – деп бекер айтылмаса керек-ті. Сондай-ақ, қыз бала – ертеңгі ана, ұлттың болашағы болғандықтан оның тәрбиесіне қай ұлттың болса да аса көңіл бөлетіні анық.

Соңғы кезде қоғам өмірінде көтеріліп жүрген өзекті мәселелер қатарында педагогика саласында, әсіресе, мектеп қабырғасында ұстаздық қызмет атқарып жүргендердің басым көпшілігін қыз балалар, әйел-аналардың құрайтыны жайында жиі айтылып жүр. Олардың педагогикалық біліктілігі мен адамгершілік мәдениет нормаларын сақтауы, жалпы адамзаттық

құндылықтарды дәріптеуі, ұлттық болмысты сақтап қалудағы ролі қаншалықты деңгейде? Осы жайларды ойлағанда педагог мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындарындағы тәрбие үрдісінің хал ахуалы, қыз балалармен жүргізілетін жұмыстардың нәтижелілігі ойландырады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Ең алдымен біз қазақ қыздарының тәрбиесіне үлкен мән беруіміз керек. Олар болашақ жар, болашақ ана, шаңырағымыздың ұйытқысы», – деп атап көрсетуі, тәрбие мәселесіне маңыз беру керектігін айқын аңғартқандай. «Біз ана болу – күрделі кәсіп дейміз, бірақ оған ешкім үйретпейді. Ана болуды, отбасылық өмірді және балаларды тәрбиелеу ісін де үйрену керек. Экономиканы реттеп алдық, енді осы жоғарыда айтқан мәселемен айналысу керек сияқты», – деген Елбасы сөзі қоғам өмірінде қыздарға арналған тәрбие орталықтарын ашудың қажеттілігін көрсетіп отыр /1/.

«Қыз өссе – елдің көркі» демекші атам қазақ өз қыздарын гүлге теңеп: «Қыз – халықтың гүлі», деп бағалаған. Олай болса, қыз бала тек сұлулығымен ғана емес, бойына біткен әдептілік, ар-ұят сияқты қасиеттерімен де көрікті болуы ләзім. Қазақ халқының дәстүрінде қыз ел көзіне түсе бастасымен оған анасы көсемсіп сөйлемеуді, кісіге тіке қарамауды, ұяң болуды ескертіп, қыздарын өз дәстүрімен кең етекте, бүрмелі көйлек кигізіп, ұятты жерлерін жауып, абырой-беделін сақтап жүруге тәрбиелеген. «Шешесін көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» деген аса мәнді нақыл сөздің өзінде терең ұлттық тәрбие бар. Аяулы ананың, ардақты әкенің тәрбиесін көрген қыз бала әдепсіздікке бара қоймайды /2/.

«Қызым үйде, қылығы түзде» дейді екен бұрынғылар. Қыз баланың бойына асыл қасиеттерді дарыту тек құлаққа құюмен, ақыл айтумен, не болмаса «Қызды қырық үйден тыюмен» шектелмейді, мәселе қай кезде, қандай жағдайда орынды ақыл ұсынып, үлгі-өнеге көрсетуде. Изеттілік, көргенділік нәресте кезінен ана сүтімен бойға сінеді. Қатты күлмеу, айқайлап сөйлемеу, үлкеннің жолын кеспеу, ыдыс аяқты салдыратпау, алдымен кіріп, артымен шығу, есікті теуіп ашпау, босағаны кермеу, ұсынған кесені төмен қарап беру, үлкендерден жоғары отырмау тәрізді тіпті қыз баланың отырысына, жүрісіне, аяқ басқанына, киім киісіне, қимыл-қозғалысына, дауыс ырғағына дейін мән берудің өзі қыз бала тәрбиесіне үлкен мән беріп, көңіл қоюдың жауапкершілігін сездіреді. Осылайша ертеде ата-бабаларымыз қыз бала тәрбиесіне ешуақытта бей-жай қарамаған. «Ел болам десең, бесігіңді түзе», «Баланы жастан», – деген қанатты сөздері терең мағыналарға ие. Яғни, қыз бала тәрбиесіне тек ата-анасы ғана емес, бүкіл ауылы, ел-жұрты жауапты деген сөз.

«Тәрбие – тал бесіктен басталады», – деген халқымыздың салмақты, даналық ойы бар. Отбасында дұрыс жолға қойылған тәрбие үдерісі бала өскен сайын күрделене түседі. Бала тәрбиесі бір ғана отбасының немесе білім мекемесінің құзырындағы шаруа емес, ол бүкіл зиялы қауымның, тұтастай қоғамның шұғылданатын ұлағатты істерінің тұтас бір кешеніне айналып отыр. Тәрбие үдерісі үздіксіз, жүйелі, мазмұнды жүргізілген жағдайда ғана жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі – қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөле отырып, ел дәстүрі мен ата-салтына үйрету – әр отбасының, ұлағатты ұстаздардың алдындағы қасиетті борышы екенін естен шығармағаны жөн.

Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындырып, әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, мол мейірімділікке, төзімділікке, шыншылдыққа баулып, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу мектептен басталып жоғары оқу орнында жалғасуы орынды деп білемін. Ұлттық салт-дәстүрімізді білу, оның астарын түсініп, атадан балаға мирас ету қазіргі таңда, әсіресе, қазақ қыздары үшін ауадай қажет. «Қыз тәрбиелей отырып ұлтты тәрбиелейміз» деген қанатты сөздің өзі қыз бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін білдіреді.

Еліміз егемендігін алып, тәуелсіздік туы биікке көтерілген бүгінгі таңдағы жас ұрпақтың қоғамдағы жанару үрдісін жүзеге асыруда бірталай жұмыстарды қолға алған жөн. Әрине бұл жолда жеткіншектерге жүктелер міндет те ерекше үлкен. Ал еңсе тіктеген Қазақстандай

жас мемлекет үшін бұл міндет ауқымды бола түспек. Өйткені, Отанымыздың, қоғамымыздың келешектегі шын жанашыры да, арқасүйері де осынау жас ұрпақ арасынан шықпақ. Демек, оларды лайықты ізбасар етіп дайындау, тәрбиелеп шығару үшін білім ордаларындағы білім, тәрбие жұмыстарын күшейтіп, ұлттық ұлағаттылыққа баулып, кәсіби тұрғыдан шыңдай түсуде жоғары оқу орындарының атқаратын қызметтері зор болмақ.

Аталған мәселенің шешімін тауып, білімгер қыздар үшін құрылған әр түрлі клубтар, атап айтсақ, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің базасында «Қыз Жібек», Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде “Лағыл”, Қазтұтынушылародағы Қарағанды экономикалық университетінде «Альфа», Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық университетінде «Ай-керім» қыздар клубы құрылып, қоғамдық және әлеуметтік мәселелерді қарастыра отырып, оларды талқылайды, қазақ қыздарын инабаттылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу, қазақ қыздары бойына ұлттық қазақы тәрбиемізді сіңіруге үлес қосуды мақсат тұтады.

Осы аталмыш үрдісті біздің оқу орнында, яғни Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының «Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту әдістемесі» кафедрасына қарасты «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандықтарының студент қыздарының басын қосып, ақылдасып, кеңесе келе «Наз» қыздар клубын құрдық. Мұндай шараны ұйымдастырудағы негізгі мақсат: кафедра мамандықтары бойынша білім алатын студент қыздар арасында рухани-танымдық, тәрбиелік бағыттағы іс шараларды жүзеге асыруға арналған өзіндік жеке жоспары бар, айына бір рет көпшілік-ағарту бағдарламасын ұйымдастыратын клуб жұмысын жүргізу. Студент қыздарды әдептілікке, имандылыққа шақыра отырып, халқымыздың рухани құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізу жолындағы ұстаздық ұстанымын жетілдіру, сондай-ақ қоғам талабына қажетті сұлулығына сымбаты, ақылы мен парасаты сай, білімді, талантты, дүниетанымы жетілген, мәдениетті, заманауи тұлға болмысын қалыптастыруға ықпал ету.

Клуб жұмысы үш бағытта жүргізіледі:

1. «Жансарай» сырласу бағыты – студент қыздарға өмір тәжірибесі мол, ұлағатты өмір жолы қалыптасқан апа-әжелерінің, мамандардың, соның ішінде дәрігер-гинеколог, косметолог, психолог, кітапханашы, шаштараз, визажист, стилистердің кәсіби ақыл-кеңестерін ұсыну.

2. «Сөз-семсер» пікірталас бағыты – студент қыздардың қоғамдық, саяси-әлеуметтік көзқарастарының қалыптасуы мен қоршаған ортаға байланысты саналы ой пікірлерінің жетілуіне, көкейде жүрген сан түрлі сауалына дұрыс жауап іздеуіне бағдар беру. Өзгенің пікіріне құрмет көрсетіп, өз ойын ашық айтуға жетелеу.

3. «Сан қырлы» таланттылар бағыты – студент қыздардың педагогикалық мамандықтарымен қатар, журналистика, өнер, театр, телевидение салаларында өз мүмкіндіктерін көрсете білулеріне жағдай жасау.

Аталмыш бағыттар бойынша оқу жылы ішінде жүргізілетін жұмыстардың жалпы жоспары жасалынды. Мысалы, «Жансарай» сырласу бағыты бойынша «Ұстаздың даңғыл жолы» тақырыбында ұзақ жылдар педагогика саласында қызмет істеген, тәжірибелі ұстаздармен кездесу сағатын өткізіп, мамандықтың қыр-сыры, бала тәрбиелеудегі отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынастың дұрыс жолға қойылуы турасында сұхбат құруды, «Гибратты ғұмыр» тақырыбында жазушы Зейнеп Ахметованың бала тәрбиесі, имандылық, әдептілік турасында айтқан көрікті ойларымен танысып, ой талқысына салуды, «Инабатты қыз, ибалы келін», «Мен саған қарыздармын, Аяулы Ана!», «Ару қыз, биіктің сен өлшемі!» тақырыптарында көп балалы аналар мен көрегенді, парасатты апа-әжелеріміздің ақыл-кеңестерін алуды жоспарлап отырмыз. Ал, «Сөз-семсер» пікірталас бағыты бойынша студент қыздардың танымдық қабілеттерін арттырып, өз ойын ашық, әділ айтуға үйретіп, күнделікті өмірде болып жатқан қоғамдық мәселелер төңірегінде өзіндік көзқарасын білдіру мүмкіндігін туғызу, шешендікке, сабырлыққа тәрбиелеуді қарастырып отырмыз. Сонымен бірге, «Сан қырлы» таланттылар бағыты бойынша студент қыздардың талабын ұштап, олардың рухани-мәдени

тұрғыдан қалыптасуына ықпал ету, кәсіби мамандықтарынан басқа да салаларда өзіндік шеберліктерін танытуларына жағдай жасауды мақсат еткен болатынбыз.

Жалпы алғанда бұл шараның ұйымдастырылуына студент жастар үлкен қызығушылық танытты. Олардың тараптарынан белсенділік пен қоғам өміріне бей-жай қарамайтын сергек те саналы көзқарастары байқала бастады. Әрбір тақырыпқа жан-жақты, тыңғылықты ізденістер жасау арқылы әркімнің бойындағы өзіндік қабілеттері мен бейімділіктерін байқап, тәрбие жұмысын жүргізудегі болашақ педагог маманның еңбегінің ұшан теңіз екеніне көз жеткізе бастады.

Ал біздер, яғни ұстаздар қауымы олардың осындай алғашқы қадамдарына қарап, клуб жұмысын жүйелі жүргізіп, жандандыра түсуге бар күш-жігерімізді салудамыз. Жасаған жұмыстарымыз арқылы қара көз қыздарымыздың бойынан әдептілік пен әдемілікті көріп, талап пен талантты тұлғаны сараптап, өр рухты, өз елінің шынайы патриоттарын тәрбиелей алсақ, төккен тердің бекерге кетпегені деп білеміз және студент қыздарымыздың үкілі үміттерімізді ақтайтынына кәміл сенеміз.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н. Қазақстан-2050: Стратегиялық бағдарламасы.
- 2 Аққозин М. Қазақтың мақал-мәтелдері.

### ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧЕНИЯ УЧАЩЕГОСЯ ВЕЧЕРНЕЙ ШКОЛЫ

*Горбач Л.Г., Тулегенова М.А.*

*Вечерняя (сменная) средняя общеобразовательная школа № 1, г. Костанай*

Актуальная задача современного отечественного общего образования – помочь педагогам школы овладеть передовыми педагогическими методами и моделями, ориентированными на самоопределение и саморазвитие школьника с учетом личностно ориентированного подхода к процессу обучения.

Стремительно меняется время, меняются общество и отношения между людьми. В современной школе роль классного руководителя остаётся неизменной. Он не только руководит, направляет, но и воспитывает.

Деятельность современного классного руководителя обусловлена современными задачами, которые ставят перед учебным заведением мировое сообщество, государство, родители: максимальное развитие каждого ребенка, сохранение его неповторимости, раскрытие его талантов и создание условий для нормального духовного, умственного, физического совершенства.

В современных меняющихся экономических и политических условиях очень сложным становится проведение воспитательной политики и построение воспитательной системы в школе. Родители все чаще перекладывают свои воспитательные функции на школу, соответственно предъявляя свои требования, не понимая и не признавая своих обязанностей, которые возлагаются на них с момента появления ребенка в семье.

Современные школьники хорошо ориентируются в своих правах, а некоторые из учащихся знают, на какие законы можно сослаться. Но в силу возраста они часто забывают о том, что у любого человека есть обязанности, которые необходимо неукоснительно соблюдать. Поэтому формирование правовой культуры современного ученика является важной задачей классного руководителя на любой ступени школьного образования. Воспитание толерантности, совести, доброты и гуманности становится очень важным в пору, где безразличие и жестокость становятся нормой человеческих отношений.

Вечерние (сменные) общеобразовательные школы создавались как образовательные учреждения для обучения работающей молодежи без отрыва от производства. Содержание и